



ОӘЖ. 37.:039

Булетова Л.А.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРИН ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

В статье рассматривается использование традиции и обычаяев казахского народа в воспитательном процессе в школе.

The article describes the usage of tradition and customs of Kazakh nation in teaching process at school.

Бәсекеге қабілетті Қазақстанның дамуының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асуы білім беру жүйесінде жастарды қазақ халқының салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу міндеттерін жана тұрғыдан шешу жолдарын іздестіруді талап етеді. Ғасырлар бойы қазақ халқының салт-дәстүрлері өскелен үрпакты тәрбиелеудің негізгі факторлары болып келген, ал біздін заманамызда оның педагогикалық мүмкіндіктерін қазіргі білім беру жүйесін жана міндеттері, проблемалары, даму тенденцияларына сай қолдану - өзекті мәселе.

Салт-дәстүрлер – бұл тұлғаның манызыда рухани-адамгершілік сапаларын қалыптастыруды көздейтін, күрделі қоғамдық қатынастар жүйесі. Салт-дәстүрлерге Отанға және өз халқына, оның тарихына, мәдениетіне деген махаббат, оны қорғауға даярлық, достыққа адалдық, ынтымақтықты қөздеу, келісім, татуласу, туыскандықты жаңғыруту, антқа адалдық, аманат сақтау, шәжірені білу, ата-бабалар рухын құрметтеу, үлкендерді сыйлау, «қара шаңырақты» қадірлеу, меймандастық, құдалық дәстүрлер, сонымен халықтық және діні мейрамдар жатады [1.206].

Қазақ халқының салт-дәстүрлерін мектептің тәрбие үдерісінде колдану ұлттық тәрбие мақсаттарын шешуга бағытталады. Мұнда төмендегі тәрбиелік міндеттерге қол жету мүмкін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін, жеке тұлға ұлттық мәдениетінің негіздерін қалыптастыру;
- мінез-құлыштың этникалық стереотиптерін қалыптастыру;
- отансүйгіштікке тәрбиелеу;
- оқушыларда адамгершілік мәдениетінің ұлттық үлгілерін тәрбиелеу;
- өзіндік өмірлік іс-әрекетін, отбасылық және қоғамдық тұрмыс, қатынастарын ұлттық құндылықтарға сәйкес ұйымдастыруға баулу;
- отбасылық тәрбие;
- тәрбиелеу мәдениеті негіздерін қалыптастыру;
- әлеуметтік рөлдерді орындауға даярлау (мысалы, үл, қыз, аға, апке, болашақта әке, ана, келін ретінде).

Салт-дәстүрлердің ерекше бір сипаты – олардың тәрбиелеу іс-әрекетін ұйымдастырудың әлеуметтік формасы екендігі. Салт-дәстүрлер арқылы жастар әлеуметтік қарым-қатынастарға кіріседі, бірақ бұл қарым-қатынастар олардан жоғары тұратын сыртқы, өзіне бағындыратын күш ретінде сипатталады. Балалар мен жастар салт-дәстүрлерде шоғырланған ұлттық құндылықтарды негізінен еліктеумен қабылдайды, тек сонынан мораль



нормалары, принциптерінде бейнеленген бұл құндылықтарды түсініп, менгереді. Бұл түрғыдан, салт-дәстүрлердің балалар мен жастарды тәрбиелеудегі белгілі дәрежедегі басымдылығы айқын көрінеді [2;3].

Тәрбиелеу іс-әрекетін ұйымдастырудын әлеуметтік формасы ретінде салт-дәстүрлерді қазіргі мектептің тәрбие жүйесінде пайдалану – күрделі мәселе. Өйткені, мектепте тәрбие жұмысының өзіндік мақсаттары, оны ұйымдастырудын ерекшеліктері, білім беру мен тәрбиелеу мазмұнында жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдылығы т.б. факторлар салт-дәстүрлердің тиімді пайдалануда айтарлықтай киындықтар тудырады. Отбасылық немесе қоғамдық өмірде бала тәрбиесінде пайдаланылатын салт-дәстүрлердің тікелей мектеп тәжірибесіне «көшіріп» болмайды. Салт-дәстүрлердің мектептің түпкі тәрбиелік мақсаттарына, жұмыс жағдайларына орай езерту талап етіледі. Бұл жағдайда, мектепке сай «өзгертілген» салт-дәстүрлер, әсіресе оны ұйымдастырудын мектептік формаларда (тәрбие сағаттары, мектеп мейрамдары, жарыстар, КВН, олимпиадалар, көрмелер, тренингтер т.б.) жүзеге асырылуы да салт-дәстүрлердің тәрбиелік ықпалын азайтуы сезсіз.

Бір қарағанда, мектепте қазақ халқының салт-дәстүрлерін қолдану бағытындағы авторлық бағдарламалар оның тәрбиелік мүмкіндіктерін толығымен іс-жүзіне асырып, ұлттық тәрбие мақсаттарына толық қолжетуге жол аштын сиякты. Сөйті де қазақ халқының салт-дәстүрлерін мектеп тәрбие жүйесінде қолдануын тәжірибесін талдау, ондағы бірқатар кемшілктерді анықтауға мүмкіндік береді:

- қазақ ұлттық мектебінің моделі жасалынбағандылығы себепті, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің қазіргі мектептің тәрбие жүйесінде орны мен рөлі мәселесі толыққанды шешімін таппаған;

- қазақ халқының салт-дәстүрлерін оқушыларды тәрбиелеуге ендірудің білім берудегі жаңа әдіснамалар түрғысынан негізделген жүйесі болмағандылығы себепті, салт-дәстүрлерін қолдануда баланың тәрбие үдерісіндегі субъектті позициясы жеткілікті дәрежеде ескерілмейді;

- қазақ халқының салт-дәстүрлері мектепте дәстүрлі қолданылып отырған тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары шенберінде іске асырылады, соңдықтан салт-дәстүрлер өздерінің жеке тұлғанын өмірлі іс-әрекетін ұйымдастыру функциясын белгілі дәрежеде жоғалтады;

- қазақ халқының салт-дәстүрлері мектептегі тәрбие жұмысының тек қана мазмұнына енгізіліп отыр; салт-дәстүрлердің «фрагменттері» пайдаланылатын жағдайда олар күтілетін тәрбиелік нәтижелерді бермейтіні педагогтардың назарынан тыс қалуда;

- қазақ халқының салт-дәстүрлері тәрбие жұмысында қолдануда отбасы тәрбиесі мен мектеп тәрбие жүйесінің сабактастыры мәселесі шешімін таппаған.

- отбасында қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы бала тәрбиесін күшайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру бағытындағы жұмыстарға жеткілікті мән берілмеген.

Шынында да, қазақ халқының салт-дәстүрлерін мектеп тәрбие жүйесінде пайдалану, екеуі де бір мақсатқа – жеке тұлғаны жан-жакты тәрбиелеу, өмірге дайындауға бағытталған тәрбиелік факторларды интеграциялауды білдіреді. Отбасы тәрбиесінің негізін құрайтын ұлттық салт-дәстүрлер мектеп тәжірибесінде ғылыми негізде, мақсатты, жоспарлы, жүйелі түрде қолданылады. Ұлттық салт-дәстүрлер мектеп тәжірибесінде жалпыадамзаттық педагогикалық мәдениет үлгілерімен бірігеді. Керісінше, мектепке ұлттық салт-дәстүрлердің енүі оның өмір мен байланысын күшайтеді, мектеп тәрбиесін ұлттық каллоритпен байытады.

Дегенмен, мәселе өзіндік ерекше ұйымдастырылатын, өзгеше тәрбиелік әсер механизмдері және тәрбиешілерімен іске асырылатын салт-дәстүр тәрбиесі мен мектеп тәрбиесін интеграциялау (кіріктіру) болы табылады. Бұл, әріне күрделі педагогикалық проблема екендігін жоғарыда айтылған пікірлердің дұрыстырылып дәлелдейді. Біздін ойымызша, негізгі сөз қазақ халқының салт-дәстүрлерін мектеп тәрбие жұмысында қолдану туралы емес, оны ендіру туралы болады. Бұл мәселені шешу үшін, біздін пікірімізше, мыналарға көніл бөлу керек:

- қазақ ұлттық мектебінің моделін әзірлеу, немесе қазіргі мектептегі ұлттық тәрбие жүйесін үлгілерін құрастыру;

- қазақ халқының салт-дәстүрлерінің қазіргі мектептің тәрбие жүйесінде орны мен рөлі мәселесін айқындау;

- қазақ халқының салт-дәстүрлерін оқушыларды тәрбиелеуге ендірудің білім берудегі жаңа әдіснамалар түрғысынан негізделген жүйесін әзірлеу, оның негізінде технологияларын жасау;



- қазақ халқының салт-дәстүрлерін ұйымдастырушылық қызметін сақтай отырып, мектеп жағдайында колдану мүмкіндіктерін қарастыру;

- қазақ халқының салт-дәстүрлери тәрбие жұмысында қолдануда отбасы тәрбиесі мен мектеп тәрбие жүйесінін сабактастығына қол жеткізу;

- отбасында қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы бала тәрбиесін күштейтуге, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге мектептің қатысуын белсендіру.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының салт-дәстүрлерін мектептегі тәрбие үдерісінде колдану бір қатар педагогикалық мәселелерді шешуде қажет етеді. Бұл мәселелер салт-дәстүрлердің тәрбиелік іс-әрекетті ұйымдастыру өзіндік әлеуметтік формасы ретінде өзгешеліктері мен мектеп тәрбие жүйесі қызметінің өзіндік жағдайлары арасындағы мәнді айырмашылықтармен шартталады.

Әдебиеттер:

1. Кожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1998.

2. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. - Алматы: Санат, 1997.

Ибраимова Л. Қазақ халқының отбасылық тәрбиесі. - Алматы: Нұрлы Әлем, 2005.